

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

арқылы нақты мемлекеттік идеяның негізін қалаған біртұтас Алаш идеясының пайда болғанын жазады.

Алаш зиялылары жалпы Алашорда тарихына қатысты деректер тек Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ғана жарық көре бастады. Сондай алғашқы деректік рөл атқаратын жинақтар кітап болып басылып шыққан «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналын айтуға болады. Аталған мерзімді басылымдардың жарық көруіне үлкен еңбек сіңірген, жинақтарды құрастырушы ғалымдар Ү.Субханбердинаның, С. Дәуітовтың, Қ. Саховтардың Қазақстан тарихында алатын орындары жоғары.

Ал 1990-шы жылдардан бастап Алаш зиялыларының еңбектері жеке жинақ болып шыға бастады. Мысалы: 1998 жылы Мұстафа Шоқайдың таңдамалы шығармаларының II томдығы шықты, Ахмет Байтұрсынұлының V томдық шығармалары, Сұлтанхан Жүсіп Аққұлұлы құрастыруымен Әлихан Бөкейханның XV томдық шығармалары 2016 жылы және т.б. Алаш зиялыларының еңбектері жарық көрді. Бұл жинақтар да деректердің бір тобын құрайды.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ұстаздары да XX ғасырдың басындағы зиялы қауым тақырыбымен, оның ішінде Алаш мәселесімен де айналысып келеді. Монографиялар мен оқу құралдары жазылып, Алашордашылар көтерген мәселелер насихатталып отыр. Университет ғалымдарының еңбектері арасында Н.А. Бейсенбекова, Л.К. Шотбакова мен Қ.С. Өскембаевтың «Алаш» қозғалысының тарихы» оқу құралын ерекше атап өту керек. «Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің қызметі жайлы жазылған оқу құралы, диплом жұмысын жазудағы негізгі ұстанымдарды айқындаған еңбектердің бірі болды.

Қорыта келе, Алаш қозғалысы, Алаш партиясы мен Алашорда үкіметі турасындағы тақырыптар бір кездері жабық болғаны белгілі. Соңғы 10-15 жылдың ішінде отандық ғылымда Алаш тақырыбы біршама игерілді. Алаш идеясы, Алаш тақырыбы еліміздің тәуелсіздік талаптары үшін әрқашан басымдық болып қала беру керек. Алаш зиялыларының бейнесі де, олардың шығармаларының оқылуы, насихатталуы, бүгінгі ұрпаққа пайдасы тиіуі керек. Себебі, алаш рухын насихаттау сол зиялылар секілді тәуелсіз ойлауға, кез-келген нәрсені салмақтап, оған ұлт мүддесі тұрғысынан баға беруге үйретеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Бочагов, А.К. Алаш-Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. - Кызыл-Орда: Госиздат КССР, 1927. - 56 с.
2. Мартыненко Н. Алаш Орда: сборник документов. - Алма-Ата: Айқап, 1992. - 192 с.
3. Брайнин С., Шафиро Ш. Очерки по истории Алаш-Орды. - Алма-Ата; Москва: Казахст. краев. изд-во, 1935. - 148 с.
4. Olcott M. B. The Kazakhs: 2nd ed. — Stanford: Hoover Univ. Press, 1995.
5. Койгельдиев М. Алаш қозғалысы. - Алматы: Санат, 1995. - 368 б.
6. Қозыбаев М.Қ. Ақтаңдақтар ақиқаты. Алма-Ата, 1992. - 161-б.
7. Нурпейсов, К. Алаш һәм Алашорда. – Алма-Ата, 1995. - 255 с.
8. Омарбеков Т. Алаш қозғалысы: Аңыз және Ақиқат // Егемен Қазақстан. – 1995.
9. Журтбай Т. Боль моя, гордость моя - Алаш!: трилогия / Т. Журтбай. - Астана: Аударма, 2016. - 1100 с.

ӘОЖ 93/94

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТАРИХ ПӘНІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІНІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Алдонғаров Әлішер Қамалханұлы

alashtynbalasy@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

II курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Ғылыми жетекшісі - Көшенова Ғ.И.

XXI ғасырдың басындағы әлемдік бәсекеге қабілетті қоғамның дидары бөлек, жаһандану үдерістеріне терең кіріккен жоғарғы интеллектуалды зияткерлік мүмкіншілігі жоғары белсенді индивидтерді қажет ететін тарихи дәуірдің бөлшегіне айналдық. Қазақстан Республикасы да әлемдік һәм жаһандық геосаяси, рухани-мәдени қауымдастықтың белсенді әрі толыққанды танылған мүшесі ретінде осынау орын алып жатқан инновациялық, постиндустриалдық дәуірдің ғажайып құбылыстарынан артта қалмауымыз тиіс. Қазақстан Республикасы білім беру жүйесінің де осы тұрғыдан алатын орны орасан, білім-ғылым жолындағы үлкен маңызы бар құрылымдық жүйе екендігі анық. Қазақстан Республикасының білім жүйесінің ерекше бір көңіл аударарлық бағыты орта білім беру жүйесі болмақ. Тарихи дәуірдің жеделдеуіне байланысты орта білім беру жүйесіндегі көптеген мәселелерге реформа қажет екендігі айқын байқалады. Әсіресе, қоғамдық ой-сана қалыптастыратын гуманитарлық бағыттағы пәндердің оқытылуына, оның ішінде тарих пәнінің оқытылуына жете мән беріп, жіті назарда ұстау қажет екендігі ғалымдар арасында айтылып келеді.

Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіндегі тарих пәнінің алатын орны мен маңызы зор болып отыр. Тарих – жоғарғы гуманистік құндылықтарды тарататын, оқиғалар мен саяси процесстердің себебі мен салдарын ғана емес, рухани һәм мәдени жауһарларды бере отырып, болашақ маман әрі елін сүйер азаматтарды тәрбиелеуге, мемлекеттің өткені мен бүгінін саралай отырып, болашаққа бағдар бере алатын үлкен пән. Сол себепті де Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіндегі тарих пәнін оқыту әдістемесін зерттеуді толыққанды ғылыми ізденіспен жүргізу қажет деп санаймын.

Тарих ғылым, пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Өйткені ол бүкіл адам баласының басынан өткізген жағдайын, тарихи тәрбиесін баяндайды. Тарихи білім әрбір адамға қажет. Тарихи білімді адам ғана өзі өмір сүрген қоғамдағы орнына, атқаратын қызметін дұрыс анықтай алады. Сондықтан да дүние жүзіне белгілі ойшылдардың, ғұлама ғалымдардың тарихтың маңызы туралы айтылғандары жоқ. Әбу-Насыр Әл –Фараби «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды, келешекте болжау қиын» -десе, А. Байтұрсынұлы «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттасы - тарих» -деп өте жоғары бағалаған.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алысымен өз елінің тарихын, Қазақстан тарихын оқытуға айрықша деп қойды. Қазақстан тарихы қазір барлық оқу орындарында, ал мектепте 5-11 сыныптарда оқытылады. Соңғы жылдары Қазақстан тарихын оқып үйренем деушілерге, әсіресе оқушылар мен мұғалімдерге нақты көмек болатын еңбектер көптеп шығарылууда.

1998 жылы Мемлекеттік білім стандартының қабылдануына байланысты барлық мектептік пәндерден, солардың арасында тарихтан да жаңа бағдарламалардың жобалары жасалды. Қазақстан тарихы бойынша оқушыларға да, мұғалімдерге де қажетті бірқатар құралдар жарық көрді.

Қазақстан тарихын немесе оның жекелеген материалдарын мектептерде оқыту мәселесі қашан, қалай көтерілді, оған алғаш кімдер бастамашы болды? – деген сұрақтардың жауабы қарастырылады. Өйткені курс, не пән мектепте оқытылмай тұрып, оны оқыту әдістемесі туралы сөз болуы мүмкін. Зерттеліп отырған тақырып бойынша 1980 жылдың ортасына дейін жүргізген жұмышымызда біз маркстік философияны, оның таным теориясын басшылыққа алдық. Таным теориясы бізді қоршаған дүниені танып, білудің негізгі заңдылықтарын, әдістерін, түрлерін зерттейді. Жылдық дүниенің барлық саласын танып білудің жалпыға ортақ әдісі – диалектикалық материализм. Ал, қоғамдық өмірдің түрлі салаларын зерттегенде материалистік диалектиканың заңдары, категориялары қолданылады. Сөйтіп, диалектикалық және тарихи материализм педагогика ғылымы методологиялық негізі болып саналды, демек тарихты оқыту әдістемесінің де методологиялық негізі деген сөз. Тарихты оқыту әдістемесінің зерттейтін педагогикалық үрдісін қазіргі ғылыми білім салаларының кез келген объектілерімен салыстырсақ оның диалектикалықлығының ешқайсысынан кем емес екенін байқаймыз. Сондықтан да біз өз зерттеуімізде диалектиканың бірқатар категорияларын (қарама-қарсылық, мазмұн, форма, құбылыс, абстрактылық, нақтылық) кеңінен пайдаландық.

Бірақ та Кеңес елінде 80 –жылдардың соңына дейін үстемдік еткен коммунистік идеология диалектикалық және тарихи материализмді, олардың категориялары мен зерттеу

әдістерін объективті пайдалануға жол бермеді. Осының салдарынан басқа қоғамдық ғылымдар сияқты педагогика ғылымы да көп зардап шекті, коммунистік идеологияның әрекеті әсіресе тарих ғылымында, мектепте тарих пәнін оқытуда ерекше байқалады.

60-70 жылдардағы жалпы білім беретін орта мектепке тарих бағдарламаларында «Орта мектепте тарих курсы оқытудағы міндет – оқушыларға қоғам дамуының заңдылығын ғылыми тұрғыда түсіндіру, оларды капитализм сөзсіз құнды коммунизм жеңеді деген сенімді» қалыптастыру деп көрсетілген. Бұған 90 –жылдарғы дейін кеңестік ғылымда шектеусіз үстемдік етіп келген Еуропацентрлік пен Ресейцентрлікті қоссақ, мектепте тарихты оқытуды қаншалықты қателіктер мен олқылықтар болғанын байқау емес. Осындай саясаттың салдарынан мектепте тарихты оқытудың мақсаты мен міндеттері дұрыс анықталмады. Мұның өзі қазақстандық жастардың бірнеше ұрпағында «тарихи зерделіліктің» қалыптасуы орнына мәңгүрттіктің етек алуына әкелді. «Тарихи зерделілік» –әрбір жеке адамға, тұтас ұрпаққа байланысты, әрбір адамның, ұрпақтың тарихты сезінуіне, өзінің шыққан тегін өлкесін, халқын, нәсілін, жалпы адамзаттың тегін, оның рухани түп –тамырларымен өткендегі тарихи жолын танып білуге ұмтылып, сана –сезімінің оянуы. Бұл –өскендіктің, рухани мәдениетінің жоғары сатыға көтерілу белгісі. Ал оған қарама –қарсы ұғым «мәңгүрттік» мәңгүрттік индивидті жалпы қоғамның рухани, тарихи маңызынан қашықтатуға, күнделілік конъюктуралық мақсаттарға абсалюттік мән беруге, өзгермелі күнделікті моданы бетке ұстап, оны алдыңғы қатарға қоюға жетелейді. Мұндай жағдай қазақ жастарының едәуір бөлігінде әсіресе 70-80 жылдары айқын байқалды. Сондықтан да қазақ халқының қазіргі кездегі өзінің өмір кешкен тарихи жолын танып –білуге деген құштарлығы жай емес. Себебі біздерді көп жылдар бойы «мәңгүрттікте» ұстап келді. Отаршылдық саясат, өктемдік тәртіп, Голощекиндік геноцид қазақ халқының ес жиып, етек жабуына мүмкіндік бермеді [1].

Тарих пәнін оқытуда ондаған жылдар бойы орын алып кеоген өрескел методологиялық қателіктер мен кемшіліктер; коммунистік идеологияның партиялық, таптық мүддесіне сай келмейтін фактілерді жасыру, жасыруға болмайтындарын барынша бұрмалау, бүкіл кеңес елінде бірнеше ондаған ұлт тілдерінде жұмыс істейтін мектептер үшін тарих пәнінен бір ғана бағдарлама, оқулық шығару, олардың мазмұнын барынша идеологияландыру, әр ұлттың өз тарихын оқытуға жол бермеу. Еуропацентрлік пен орыстандыру саясатын барынша дәріптеу т.б. тарих пәнін оқытуға қойылған міндеттерді орындауға үлкен кесел келтірді. Осындай қателіктер бүкіл халық ағарту саласында, орта білім беру жүйесінде мықтап орын алды [2].

Соңғы уақытта жалпы мектепте берілетін білімнің, жеке пәндердің білім мазмұны ұлттық болуы керек деген ұстанымы жиі айтылып жүр. Кеңес елінде де ұлттық мектептер көп болды, бірақ та олар формасы жағынан ғана ұлттық, ал білім мазмұны жағынан ұлттық емес еді. Бұл жөнінде Ресейдің белгілі педагог –ғалымы В.Д. Шадриковтың мына пікірі орынды айтылған. «Мектеп халықтық болғанда ғана оның беретін білімінің әрбір тамшысының өзі оқушыға аса құнды, өмірлік қажет болып сезіледі. Сондықтан да ол оны меңгеруге, содан сусындауға барынша ұмтылады... Не пайда, бізде халықтық мектеп «өркениет ұстанымы» тұрғысынан қайта қаралып, халықтық мектеп дегеннен жұрдай болды, оның халық, рух деген аты да өшті. Тіпті біз өнер, денешынықтыру пәндерінің мазмұнынан да халықтық дейтіндей ештеме қалдырмадық» [3].

90 –жылдардың басынан, яғни Қазақстан тарихының дербес пән болып оқытылғанынан бері қарай оның білім мазмұнын анықтауға, яғни нені оқыту керек? –деген сұрақты шешуге мүлде басқа тұрғыдан келдік.

Басты ұстаным – алдымен Қазақстан тарихын Еуропацентрлік пен Ресейцентрліктен құтқару болды. Өйткені Қазақстан тарихының көп мәселелерін оны отарлаушылар, немесе отаршылдық пиғылдағылар жазғаны белгілі. Олардың көпшілігінің еңбектерінде тарихтың бұрмаланғаны сондай, Шығыстан Еуропаға қарай барғандардың бәрі «жаулаушылар», ал Батыстан шығысқа қарай аяқ басқандардың бәрі мәдениет жақсылық таратушылар болып көрсетіледі. Осы жерде дүние жүзіне белгілі екі қайраткердің төмендігі сөздерін келтіре кету орынды.

Тарих маңызды қоғамдық – гуманитарлық пәндер қатарына жататындықтан, оны білім

беретін оқу орындарында қазіргі талаптарға сай оқыту үшін, алдымен оқытудағы әдіснамалық проблемаларды дұрыс шешу қажет. Өйткені 90 – жылдарға дейін еліміз мектептерінде қоғамдық пәндерді, әсіресе тарихты оқыту әдістемесінде өрескел қателіктерге жол берілгені мәлім.

Демек тәуелсіз Қазақстан Республикасы мектептерінде тарихты оқытудың әдіснамалық мәселелерін шешу кешіктіруге болмайтын әрі күрделі мәселе. Ал қоғамдық пәндерді оқытудың әдіснамалық проблемаларын шешу елде қалыптасқан бірінғай идеологияға байланысты. Өйткені идеология дегеніміз – адамдардың өмірге қарым – қатынасын білдіретін саяси, құқықтық, діни, адамгершілік эстетикалық, пәлсапалық көзқарастары мен идеяларының жиынтығы. Қазақстан Республикасына идеология керек пе, керек болса, қандай идеология керек, онда қазақ халқы менталитетінің үлесі қандай болуы керек деген мәселелер мерзімді баспас өз беттерінде көптеген әңгіме болып келеді. Білгіңлі ғалым Ақселеу Сейдімбектің пікірінше «жүзден астам ұлттық диаспоралардың тарих талғағы маңдайларына жазған Отаны Қазақстан болса қазақ халқы – сол ұлттық диаспоралардың жарасты өмірлеріне ұйытқы болатын тірек ұлт. Тұрақтылықты халық ретінде Қазақстандық Қазақстандағы жарастықты өмірге ұйытқы болуы және қазақ тілі мен мәдениетінің Қазақстандағы барлық ұлттың диаспоралары үшін тірек болуы» [4]. Бұл бірден – бір тарихи қажеттілік және Қазақстандағы жарастықты өмірдің шын мәніндегі бірден – бір кепілі. Мұны бүкіл Қазақстандықтар өмірлік қажеттілік ретінде сезінулері қажет.

Мектепте тарихты оқытуда мұғалімдерге нақты көмек, басшылық болатын әдіснамалық ұстанымдар жеткіліксіз. Бұл маңызды проблеманы тек тарихшы ғалым, немесе әдіскер ғалым түбегейлі шеше алмайды. Оны дұрыс шешіп беруге, оқу орындарында қоғамдық - гуманитарлық пәндеді оқытудың негізгі әдіснамалық бағыттарын анықтауы аталған мамандармен қатар, философтар да, саясаттанушылар да, басқа ғылым салаларының өкілдері де қатысқаны дұрыс деп есептейміз.

Мектепте тарих пәнін әдіснамалық тұрғыда дұрыс оқыту дәл қазір өткір қойылып отыр ол мына екі жағдайға байланысты.

Біріншіден, 90 – жылдарға дейін мектепте тарихты оқытуды өрескел қателіктер мен кемшіліктер орын алды. Әсіресе, ғылымдағы Еуропацентрлік пен коммунистік идеологияның партиялық, таптық мүддесі Қазақстан тарихында бұрмаланған бірде – бір маңызды проблема қалдармады. Оның үстіне тарихты жаңаша бұрмалаушылар кейінгі жылдары көбеймесе, азайған жоқ. Бұған ресей басылымдарына, Қазақстанда шығатын кейбір «Караван» сияқты орыс тілді газеттерде үнемі шығып жататын мақалалар дәлел.

Соңғы уақытта ұлттық тарих туралы мәліметтерді халыққа жеткізуден біраз жұмыстар атқарылады. Кейінгі жылда «Қазақстан тарихы: зерттеулер, құжаттар», «Қазақстан тарихы: әдеби хроника», «Қазақстан этностары» атты сериялы кітаптар, алты томдық Қазақстан ұлттық энциклопедиясының, бес томдық Қазақстан тарихының алғашқы томдары, тоғыз томдық «Қазақстан» атты еңбек жарық көрді. Мұның сыртында Алашорда, Бөкей хандығы, жер аудару саясатының зардаптары, қазақ даласындағы көтерілістер сынды тыйым салынып келген тақырыптарда тарихи деректер жарыққа шықты.

Төменде мектеп бағдарламасында кездесетін кейбір әдіснамалық мәселелерді қай тұрғыда баяндаған тиімдерін дегенге тоқтаймыз.

Мысалы: Қазақстанда алғашқы адамдардың пайда болуы туралы бағдарлама бойынша 5 – сыныпта толығырақ баяндалады. 7 – сыныпта өтілетін қазақ халқының қалыптасуы жөніндегі демографияның мәселеге байланысты қайта пысықталды. Бұл мәселенің тарихи да, саяси да маңызы бар екенін үнемі ескерген дұрыс.

Қазақ халқының негізін құрған тайпалар туралы баяндағанда қазіргі қазақ халқының құрамындағы үйсін, қаңлы т.б. ірі рулардың мұнан 2-3 мың жыл бұрын-ақ тарихтан белгілі екендігіне, олардың мемлекеті көп әскері, қалалары болғанына оқушылар назарын аударған дұрыс.

Қазақ халқының қалыптасуы да күрделі мәселе. Бұл үрдіс мың жылдай уақытқа созылды. Оның себептері оқулықтағы материал негізінде түсіндіріледі. Қалыптасып болуы -

XV ғасыр.

Қазақ хандығы - қазақ мемлекеттілігінің негізі. Қазақ мемлекеттігі өзінің бастауын б.з.б. Үйсін, қаңлы мемлекеттерінен б.з. VI-Хік қағанатынан, одан кейінгі жеке хандықтардан алып, XV ғасырдың ортасынан бастап құрылған Қазақ хандықтары үлгісінде жетіле түсті.

Көптеген европалық ғалымдар көшпелі халықтарды, солардың арасында қазақтарды да, «тарихы жоқ» халық деп келгені белгілі. Бұл тақырыпты ғылыми тұрғыдан зерттеуге 90 – жылдарға дейін мүмкіндік болмады, оны тарихи шындық тұрғысында зерттеуге енді ғана мүмкіндік туды. Белгілі ғалымдар Л.П. Окладниковтың, Дж Нерудің, Л.Н.Гумилевтің, Ә. Марғұланның, М. Аджидің, М. Қозыбаевтың, Ә. Нысанбаевтың, А.Сейдімбетовтың, С. Сұнғатайдың т.б. пікірлері бойынша мыңдаған жылдың тарихы бар азиялық көшпелі тұрмыс дүниежүзін өркениетке өзінің үлесін қосса, ол қазақ тарихы – дала өркениетінің құрамдас бөлігі. Орталық Азияның қақ төрінде орналасқан. Ұлы даланың ұлан – байтақ өңірінде қазіргі біздерді ата тегіміз – ғұндардың, түріктердің, түрік – монғолдардың мемлекеттерінің бірі өмірге келіп, бірі өмірден өтіп жатты. Бұл жерлерде дала мен отырықшылықтың бірге қайнасқан тұрмыс – тіршілігін бейнелейтін ерекше өркениет олардың ұрпақтары болып саналады.

Қазақстанның патшалы Ресейдің қоластында болуы. Белгілі ғалымдар бұл үрдіске: қосылу, жаулап алу, отарлау – деп дұрыс баға беріп жүр.

XX ғасыр басында Қазақстан Ресейдің көп отарының бірі еді. Әскер отарлау аяқталып «қара шекпенділер» экспанциясы дәуірлеп жүріп жатты. Патша өкіметінің қазақтардан тартып алған жері 40 млн. Десятинадан асада, ол бүкіл жерінің алтыдан бір бөлігі болатын. Патша өкіметі тұсында қазақ жерінің талауға түскені туралы Т. Шопановта ашыла жазды.

Отарлау саястына қарсы болған көтерілістер мен ұлт – азаттық қозғалыстар. Патша үкіметінің отаршылдық саясатына қарсы 300-ден астам көтерілістер, қозғалыстар болған. Оқушыларды шатыстырмау үшін мұғалімнің осы мәселеге қатысты негізгі ұғымдардың анықтамасын білгені дұрыс.

1916 жылғы ұлт – азаттық қозғалысы туралы көп жазғанына қарамастан, оның нақтылайтын тұстары әлі де баршылық.

XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының қызметіне лайықты баға берілуі керек. Кейіннен Алаш партиясын құрып, оның бағдарламасын жасаған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов сияқты қайраткерлердің ұстанған бағытының дұрыстығын қазіргі өмір көрсетіп отыр. Олар сонау аумалы – төкпелі заманда дұрыс жолды таңдай білді, олардың жасаған бағдарламасының көптеген баптары тәуелсіз Қазақстан Конституциясының бірқатар баптарына сәйкес келеді.

Кеңес елі халыққа не берді? – деген сұрақтың жауабына келсек, В.И.Ленин құрған Коммунистік партия Ресейде кооперативтік социализмнің мүмкіндігін ашты, қауіпті қатерлі жағдайда мемлекетті басқарудың жетілдірілген түрін тапты, экономикаы белгілі мақсатқа жұмылдыру жолдарын ашты, дүние жүзіне қауіп төндірген фашизмді талқандауды ұйымдастырды, аса маңызды құрылыстарды салуға жұмыс күші мен материалдық - техникалық күшті шоғырландырудың стратегиясы мен тактикасын жасады [5].

Демек, мұнан шығатын қортынды, Кеңес мемлекетінің тарихын, оның тұтастығы Қазақстан тарихын оқытқанда ақтық, қараны қара деп болған істердің бәріне объективті, тарихи шындық тұрғысынан баға беру керек.

Мектептік тарих тұсындағы бірі – Кеңес елінің, соның ішінде Қазақстанның 1970 – 1980 жылдардағы экономикалық даму тарихы. Егер де нақты тарихи фактілер мен статистикалық мәліметтерге жүгінсек осы кезеңде негізгі өндірістік қорлар 3,1 есе артып, оның ішінде химия және мұнай химиясында 6,5 есе машина жасауда 4 есе дерлік отын өнеркәсібінде 3,8 есе өсті. Өнеркәсіп өндірісінің көлемі жағынан Қазақстан КСРО-да үшінші орын алды [6]. Экономика саласындағы жетістіктер халықтық тұрмысын әлеуметтік жағдайын жақсартты. Мәселен, 1971-1989 жылдары өнеркәсіп жұмысшыларының жалақысы екі есеге жуық ал совхоздар қызметкерлерінің жалақысы екі еседен артық көбейді. Жиырма жыл ішінде 13 миллиондай адам пәтер алды, үй салды немесе тұрғын үй жағдайын жақсартты.

Экономикадағы мұндай жетістіктердің себебі – жаңарған әлемдік технологияны игергендіктен де емес, ішкі мүмкіндіктерді пайдаланып, еңбек өнімділігін арттырудан да емес, Кеңес мемлекетінің әккі отаршылдық саясатының нәтижесі еді [7].

Кеңес Одағының соңғы жиырма жылында ұлт мәселесі бұрынғыдан да шиеленісе түсті. өйткені елді милитаризациялау, табиғи байлықты тағылық әдіспен пайдалану, ұлт аймақтарының байлығын метрополия мүддесіне бағындыру ашық жүргізілді. Ұлт өміріне келеңсіз құбылыстар кірді.

Отарлық дәуір мен КСРО кезеңіндегі әдістемеден бас тартып, тарих пәнін оқытудың жаңа әдістерін енгізу ғылыми-педагогикалық бағытта үлкен сұраныс туғызып тұрған мәселе екенін қорытындылай келе айтқым келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Тұрлығұлов Т.Т. Қазақстан тарихын оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
2. Құнапина К.К. Тарих пәні мұғалімдерінің педагогикалық қызметін ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулар. – Алматы, 2000. – 21 б.
3. Хазыретәлі Т. Мектепте тарихты оқыту әдістемесі. – Алматы, 2004.
4. Таубаева Ш.Т. Исследовательская культура учителя: методология, теория и практика форматирования. – Алматы: Алем, 2000. – 380 с.
5. Короткова М.В., Студеникин М.Т. Методика обучения истории в схемах, таблицах, описаниях. – М., 1999.
6. Беспалько В.П. Теория учебника. – Москва: Педагогика, 1988.
7. Беспалько В.П. Слагаемые педагогической технологии. – М., 1989.

ӘОЖ 93/94

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫНДАҒЫ АРДАГЕР ДӘРІГЕРДІҢ ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕГІ

Алшыкенова Айгүл Төреханқызы

aigul_alshykenowa@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

2 курс PhD докторанты, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор Г.Т. Мусабалина

Еліміз үшін аянбай еңбек етіп, өзінің адалдығымен, парасаттылығымен ел жадында жүрген азаматтарының ғибратты ғұмырын көпке үлгі, жастарға өнеге ету - халқымыздың бірегей дәстүрі. Бүгінгі баяндамамыздың кейіпкері, Түркістан облысы мемлекеттік архивінің қор құрушысы, Социалистік Еңбек Ері, жоғары дәрежелі акушер-гинеколог, өз заманында үлкен мәртебе саналатын Кеңес Социалистік Республикалар Одағының Халық депутаты болған Буванова Александра Александровнаның өмір жолы медицина саласын таңдағысы келетін немесе медицина саласында білім алып жүрген жас ұрпақ өкілдеріне тағылым мен тәрбие берері анық.



Сурет 1. Буванова Александра Александровна